

Педагогикалық кеңес отырысы
Хаттама №6, 28.03.2025ж.

Бекітемін:
Қостанай облысы әкімдігі білім
басқармасының «Қостанай қаласы
білім бөлімінің С.Мауленов
атындағы гимназиясы» КММ
директоры  А.Мадibaев



**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім
бөлімінің С.Мауленов атындағы гимназиясы» КММ
2025-2026 оқу жылына қабылдау ЕРЕЖЕСІ**

- қолданылатын оқу бағдарламасын білім беру рұқсат және актісіне қолма қол қою және дамуына жауап қайтару;
- білім беру мен жасалған оқыту әдістерін қолдану;
- қолданылатын технологияларды, жабдылар, құралдар, оқушылардың тәртібін тәртіпке келтіру;
- жаңа материалды оқыту, бағдарламаның өзгерістерін жүзеге асыру;
- оқушылардың және тұлғалардың жетістіктері бойынша оқыту мен бағалау.

2. Қабылдау тәртібі

2.1 Гимназияға қабылдау жеткізілетін №564 бағдарламасымен бекітілген тәртіппен, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын оқуға қабылдаудың уәдделік шарттарының 13-тармағына негізделіп жасалынады.

- С.Мауленов атындағы гимназиядағы негізгі орта білім курсының бағдарламаларын 10-сыныпқа қабылдау гимназияның ақпараттық жүйесіне қолма қол қою және осы бағдарламаны білім беру ұйымдарының оқуға қабылдаудың уәдделік шарттарының 13-тармағына негізделіп жасалынады.

- негізгі оқу жылына С.Мауленов атындағы гимназияның білім беру ұйымдарының ақпараттық жүйесіне оқу жылында барлық пәндер бойынша жылдық жорықтардың бағаларын «4»-нен «5» баллға және тәртібі бойынша 10-сынып оқытушыларының бағалау тәртібімен және

Қостанай қаласы, 2025 жыл

1.Жалпы ережесі

Оқушыларды қабылдау келесі нормативтік актілерді басшылыққа ала отырып іске асырылады:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз;
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
3. «Бала құқығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (8 тамыз 2002 жыл №345);
4. Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы.
5. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылдың 12 қазанында «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №564 бұйрығы.
6. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Мауленов атындағы гимназиясы» КММ Жарғысы.

Гимназияның негізгі мақсаты

- қабылданған оқушыларға терең білім беру, рухани жан-жақты дамыған жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау;
- білім жүйесінің жаңаша оқыту әдістерін қолдану;
- заманауи технологияларды қолдана отырып, оқушылардың білімін тереңдету;
- жаңа мазмұнда оқыту бағдарламасын тиімді жүзеге асыру;
- оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне қарай бейінді оқытуды қамтамасыз ету.

2. Қабылдау тәртібі

2.1. Гимназияға қабылдау жоғарыдағы №564 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 13-тармағы негізінде іске асырылады.

- С.Мәуленов атындағы гимназияның негізгі орта білім курсын бітірушілерін 10-сыныпқа қабылдау гимназияның Жарғысына сәйкес қызмет көрсету аумағы ескерілместен білім алушының жеке өтініші не олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаты негізінде жүзеге асырылады.
- келесі оқу жылына С.Мәуленов атындағы гимназияның білім алушыларынан ағымдағы оқу жылында барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалары «4»-пен «5» болған және тәртібі бойынша 9-сынып бітірушілері заңнамада белгіленген тәртіппен және комиссия шешімімен 10-сыныпқа қабылданады.

- С.Мәуленов атындағы гимназиядан тыс өзге білім беру ұйымдарының білім алушылары ауысып, оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалары «4»-пен «5» болған 9-сыныпты бітірген білім алушылар 10-сыныпқа конкурс негізінде қабылданады.
- Конкурсқа құжат қабылдау гимназия директорының немесе оны ауыстыратын тұлғаның атына жазылған өтініш негізінде жүргізіледі.
- Конкурсқа қатысу үшін құжаттар: туу туралы куәлік көшірмесі, НОБ аттестаттың көшірмесі, білім алушының ата-анасының немесе заңды өкілінің өтініші, болған жағдайда қалалық, облыстық, Республикалық, Халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайысының грамоталарының көшірмелері. Конкурсқа тапсырылған үміткердің құжаттары кері қайтарылмайды.
- С.Мәуленов атындағы гимназиядан тыс білім беру ұйымынан 10-сыныпқа үміткер білім алушы сынақ төмендегі пәндерден: қазақ тілі, математика, Қазақстан тарихы және ағылшын тілі пәнінен алынады.
- Оқушыларды қабылдау максатында сынақ өткізу үшін қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы гимназия директоры немесе оны ауыстыратын тұлға болып табылады.
- Қабылдау сынақты өткізу үшін және сынақ жұмыстарын бағалаудағы даулы мәселелерді шешу үшін комиссия мүшелері шешім қабылдайды (дауыс беру арқылы).
Конкурсқа құжаттарды қабылдаудан бас тарту болып табылатын себептер:
 - 1) конкурстық іріктеуге қатысуға белгіленген мерзімнен кейін өтініш білдіру;
 - 2) конкурсқа қатысу үшін қажетті талаптардың орындалмауы;
 - 3) конкурсқа қатысу үшін анықталған қажетті құжаттардың толық болмауы.
- Сынақ нәтижесі бойынша комиссия мүшелері қабылданған немесе қабылданбағаны туралы хаттамалық шешімін қабылдайды.
- Сыныптың толымдылығына қарай білім алушы саны жетпей қалған жағдайда бейіндік оқыту таңдауына әсер етпейтін бағасы 1 немесе 2 пәннен «3»-і бар С.Мәуленов атындағы гимназияның оқушыларын қабылдауды комиссия мүшелері шешеді.
- Қабылдау конкурсын өткізу кезеңі:
 - 1) С.Мәуленов атындағы гимназияның білім алушылары үшін оқу жылының сәуір айының соңғы аптасы;
 - 2) С.Мәуленов атындағы гимназиядан тыс білім беру ұйымынан қабылданатын оқушылар үшін ағымдағы жылдың тамыз айының 25- не дейін белгіленеді.

2.2. Оқушыларды қабылдау, сыныптан-сыныпқа көшіру, оқудан шығару оқу үлгерімінің нәтижесі бойынша (рейтингілік балмен) гимназия кеңесінің (педагогикалық кеңес) шешіміне және гимназия Жарғысына сәйкес жүргізіледі. 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының 64 тармағы негізінде іске асырылады.

- Білім алушыларды 5-9,11-сыныпқа қабылдау С.Мәуленов атындағы гимназияның Жарғысына сәйкес қызмет көрсету аумағы ескерілместен білім алушының ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші, ағымдағы жылдың бітірген сыныптың оқу үлгерім табелінің көшірмесі және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаты негізінде жүзеге асырылады.
- Келесі оқу жылына Қостанай қаласының (тұрғылықты мекен-жайына маңызды емес) 4-8,10-сыныпты бітірген білім алушылары ағымдағы оқу жылындағы барлық пәндер бойынша жылдық бағалары «4»-пен «5» болған жағдайда 5-9,11-сыныпқа сынақ негізінде қабылданады.
- Конкурсқа 5-сыныпқа құжат қабылдау гимназия директорына жазылған өтініш негізінде жүргізіледі және өтініш ағымдағы жылдың сәуір айының 15-нен мамыр айының 15-не дейін қабылданады.
- Конкурсқа қатысу үшін құжаттар: білім алушының ата-анасының немесе заңды өкілінің өтініші, туу туралы куәлік, бітірген сыныптың табелінің көшірмесі, болған жағдайда қалалық, облыстық, Республикалық, Халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайысының грамоталарының көшірмесі. Конкурсқа тапсырылған үміткердің құжаттары кері қайтарылмайды
- 5-сыныптарға қабылдау сынақ төмендегі: қазақ тілі, математика, жаратылыстану пәнінен алынады.
- 6-9,11-сыныптарға сынақ төмендегі: қазақ тілі, математика, Қазақстан тарихы және ағылшын тілі пәндерінен алынады.
- Оқушыларды қабылдау мақсатында сынақ өткізу үшін педагогикалық кеңестің шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы гимназия директоры немесе оны ауыстыратын тұлға болып табылады.
- Қабылдау сынағын өткізу үшін және сынақ жұмыстарын бағалаудағы даулы мәселелерді шешу үшін комиссия мүшелері шешеді(дауыс беру арқылы).
Конкурсқа құжаттарды қабылдаудан бас тарту болып табылатын
1)конкурстық іріктеуге қатысуға белгіленген мерзімнен кейін өтініш білдіру;
2)конкурсқа қатысу үшін қажетті талаптардың орындалмауы;
3) конкурсқа қатысу үшін анықталған қажетті құжаттардың толық болмауы.
- Сынақ нәтижесі бойынша барлық пәннен «4»-пен «5»-ке тапсырған білім алушы қабылданады. Сыныптың толымдылығына қарай сынақтың нәтижесінде жинаған бағасынан үлгірімі-100%, сапасы 65%-дан жоғары білім алушы комиссия мүшелері шешімі негізінде қабылданады. Комиссия мүшелері қабылданған немесе қабылданбағаны туралы хаттама шешімін қабылдайды.
- Қабылдау сынағының өткізу кезеңі:

- 1) 4- сынып білім алушылары үшін ағымдағы жылдың маусым айының 1-аптасы, қосымша қаладан тыс білім алушылары үшін тамыз айының 27-не дейін өтіледі.
- 2) 6-9,11 сыныпқа оқушыларды қабылдау үшін ағымдағы жылдың тамыз айының 27-не дейін өтіледі.

3. Құжатты қабылдау тәртібі

- 3.1. Сынаққа қатысатын оқушылардың құжаттарын қабылдауды С.Мәуленов атындағы гимназияның хатшысы жүргізеді.
- 3.2. Жұмыс мәтіндерін, тест тапсырмаларын пән мұғалімдері дайындап, әдістемелік бірлестікте қабылдау комиссиясымен бекітіледі.
- 3.3. Сынақ С.Мәуленов атындағы гимназия директорының бұйрығымен бекітілген кесте бойынша жүргізіледі.
- 3.4. Хабарландыру және қабылдау Ережесі гимназияның ресми сайтында, әлеуметтік желілердегі гимназияның ресми парақшаларында жарияланады.
- 3.5. Әрбір пән бойынша сынақ алу үшін комиссия бекітіледі. Комиссия құрамы гимназия директорының бұйрығымен бекітіледі. Комиссия төрағасы гимназияның директоры немесе оны ауыстыратын тұлға, ал комиссия мүшелері гимназияның пән мұғалімдері.
- 3.5. Қаладағы бастауыш мектепті бітірген (тұрғылықты мекен-жайы маңызды емес)
- 3.6. Іріктеу кезеңіне қатысу үшін келесі құжаттарды тапсырады.
 - Білім алушының ата-анасының немесе заңды өкілінің өтініші,
 - Үміткерлердің туу туралы куәлігінің көшірмесі.
 - Бітірген сыныптың оқу үлгерім табелінің көшірмесі (жылдық, қорытынды бағалары «4» пен «5»).
 - Болған жағдайда қалалық, облыстық, Республикалық, Халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайысының грамоталарының көшірмесі;

4. Конкурстың өткізілуі

- 4.1. Жазба жұмыстарын орындау және ауызша жауап беруге дайындалу үшін үміткерлерге гимназияның бұрыштама мөртабаны басылған қағазы беріледі. Жұмысты орындаған үміткерлер оны шимай қағазымен бірге емтихан кезіндегі кезекшілерге тапсырады.
- 4.2. Берілген уақытта аяқтай алмаған үміткерлер жұмысты аяқталмаған күйде тапсырады.
- 4.3. Жазба сынақты өткізу кезеңінде үміткерге сыныптан 5 минутқа шығуға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда ол жұмысын кезекші мұғалімге тапсырады, жұмысында үміткердің шығу ұзақтығы көрсетіліп жазылады.
- 4.4. Сынақ материалдарын таратуға, аудиторияда тәртіп ережелерін түсіндіруге бөлінген уақыт белгіленген уақытқа кірмейді.
- 4.5. Сынақ кезінде байланыс құралдарын (ұялы телефон, планшет, т.б.), электронды есептеу құралдарын (калькулятор, басқа да есептеу құралдары) қолдануға болмайды.

4.6. Сынақ кезінде тәртіп бұзған талапкерге акт толтырылып, сынақтан шеттетіледі.

4.7. Сынақ жазбаша бақылау жұмысы, тест түрінде өткізіледі, орындау уақыты астрономиялық-2 сағат(120 минут).

1) 4-сыныптар үшін сынақ:

- математика пәнінен жазбаша бақылау жұмысы 7 тапсырмадан тұрады, жалпы ұпай саны: 20.
- қазақ тілі пәніне оқылым, жазылым 7 тапсырмадан тұрады, жалпы ұпай саны-20 балл.
- жаратылыстану пәнінен тест форматында 20 тапсырмадан, ұпай саны-20.

Барлық тапсырманы қосып алғанда, кемінде 50%-дан жоғары орындаған жағдайда, оқушы гимназияға қабылданады.

20 сұрақтың 85%-100%(17-20 балл) - бағасы – «5»;

65%-84% (13-16 балл) - бағасы – «4»;

40%-64% (8-12 балл) - бағасы – «3»;

0-39%(1-7 балл) - бағасы «2».

2) 6-11-сыныптар үшін сынақ жалпы-54 тапсырма, жалпы балл-80:

- математика пәнінен жазбаша бақылау жұмысы 7 тапсырмадан тұрады, жалпы ұпай саны: 20;
- қазақ тілі пәніне оқылым, жазылым дағдысы бойынша 7 тапсырмадан тұрады, жалпы ұпай саны-20;
- Қазақстан тарихы пәнінен тест 20 тапсырмадан, ұпай саны-20;
- ағылшын тілі пәнінен тест форматынла 20 сұрақ, ұпай саны-20.

Барлық тапсырманы қосып алғанда, кемінде 65%-ын орындаған жағдайда, оқушы гимназияға қабылданады.

20 сұрақтың 85%-100%(17-20 ұпай) - бағасы – «5»;

65%-84% (13-16 ұпай) - бағасы – «4»;

40%-64% (8-12 ұпай) - бағасы – «3»;

0-39%(1-7 ұпай) - бағасы «2».

4.8. Сынақтан соң оқушылардың жұмыстары бағаланып, хаттамаға енгізіледі. Хаттамаға комиссия мүшелері қол қойып бекітіледі.

4.9. Оқушылардан қабылданған сынақ нәтижесі 3-5 жұмыс күнінен кейін хабарланады.

4.10. Жасақталатын сыныптың толымдылығын және қабылдау критерийлерін анықтау Қабылдау комиссиясының құзіретінде.

4.11. Қабылдау кезінде қалалық, облыстық, Республикалық, Халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайысының жеңімпаздарына басымдықтар беріледі.

5. Қорытынды Ережелер

5.1 Конкурстық іріктеуден өтіп, оқуға қабылданатын үміткерлердің ата-аналары үшін гимназия әкімшілігі қатысуымен жиналыс өткізіледі. Жиналыста гимназияның ішкі тәртібі таныстырылады.

5.2 Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қазіргі заңнамасы және бекітілген ішкі құқықтық актілеріне сәйкес жұмыс органымен шешіледі.

5.3 Оқушыларды сыныпқа бөлуге жауапты директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;

5.4 Сынып жетекшілерді тағайындауға жауапты директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;

5.5 Сынақ жұмыстарының ұйымдасқан түрде өтуіне жауапты директордың орынбасарлары;

5.6 Сынақ жұмыстарының дұрыс тексерілуіне жауапты комиссия құрамы, тиісті пән мұғалімдері.
